

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»

(ортаңғы тобы)

Өткізген: Топ тәрбиешілері

2023-2024 оқу жылы

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» спорттық сайыс

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Түрі: Эстафеталық ойын

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Құрметті әріптестер, балалар бүгінгі «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» спорттық сайысына қош келдіңіздер

Көңілді жарысқа «Сұңқар» мен «Тұлпар» топтары жарысқа қатысады.

Ендеше топтарды топ жетекшілерімен ортаға шақырайық

Жүргізуші:

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға?

Болмасаң да ұқсап бак,

Жарысқа түсіп қалайда.

Жүргізуші:

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер!

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1. Балабақша меңгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

2. Балабақша психологы: Т.С.Дүзбаева

Спорттық сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

Сайыстың бағдарламасы 4 кезеңнен тұрады

1. «Кім жылдам» жарысы

2. «Қар тасу» жарысы

3. «Машина» жарысы

4. «Дәрумендер» сайысы

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

Жүргізуші:

I кезең: «Кім жылдам»

Шарты: 2 топтын ойыншылары әрқайсысы өз тобымен 1 қатарға тізіліп отырады. Бастаушы жақта тұрған шелектегі доптарды бір-біріне тез жылдам беру арқылы қатар соңында тұрған шелекке салу керек

Жүргізуші:

II кезең: «Қар тасу»

Шелектегі қарды күрекпен алып кеглилер арасымен жүгіріп барып мәредегі ыдысқа толтыру керек

Жүргізуші:

Ойнайық, ойнайық та ойлайық!

Қатардан артта қалып қоймайық,

Белсенді болайық ортада,

Уақытты тектен - тек жоймайық – деп

III - кезеңіміз «Машина» жарысын бастаймыз!.

Ойын шарты: 2 топтың барлық баласы алма кезек машинаға отырып, кедергілер арасымен өтіп кім бірінші мәреге жетеді сол жеңіске жетеді

Жүргізуші: IV - кезеңіміз «Дәрумендер» сайысы

Ойын шарты: Тәрелкеде тұрған дәруменді қай топ бірінші тауысады сол жеңіске жетеді бір бір дәруменнен жеу керек

Қорытынды бөлім

Жарыс заңы ежелден -

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол -

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады

демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды марапаттауға әділқазы алқасына сөз кезегін берейік.

